

	түрінде)
3.	Ақпараттардың ЭЕМда берілуі.
4.	Сервистік бағдарламалар қоры
5.	Оперативтік жадты ауыстыру технологиясы иілгіш дискті ауыстыру технологиясы
6.	Микропроцессорды ауыстыру
7.	SIMM қосымша модулін орнату
8.	MS –DOS операциондық жүйесінде
9.	Дербес компьютердің перифериялық құралдары.
10.	Мониторлардан сақтанушы фильтрлар және оларды таңдау
11.	Қатты дискті ауыстыру және қосымша қатты дискті орнату
12.	сканер құрылғысының орнықтыру механизмі
13.	Ізденуші сервердің жұмысы
14.	Қолданбалы бағдарламалық интерфейстер

Әдістемелік нұсқауда: Есептеуіш машинаның жіктелуін және әр түрлі ЭЕМ кластарының негізгі ерекшеліктерін (қасиеттерін); Дербес компьютер архитектурасын және әр түрлі құрылу принциптерін, жұмысын; Архитектурасын және микропроцессорлық жинақ мүмкіндіктерін; Құрылу принципі және дербес компьютер жұмысы; Дербес компьютерді тексерудің қондырғылық бағдарламалық құралдарын білуге бағытталады.

Сайтты жобалау және жасау технологиясы (Н. Наушабаев атындағы мектептің сайты жасау)

Автор: Абишев А. Э.

Научный руководитель: Искакова С. Б. аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

XXI ғасыр – ақпараттық кеңістік пен ақпараттық үрдіс ғасыры. XXI ғасырды қазіргі таңда интернетсіз елестету мүмкін емес. Осы ғасырдың жаңалығы, ашылуы, байлығы да осы интернет. Жер шарының әр бұрышында кездесетін бұл, адамның қиялы мен білімінің шексіз екендігін көрсететін ғажап, қазіргі таңда барлығымызды бір тұтастай байланыстырып отыр. Алайда, интернетке жеке дара ешкім де қожалық жасай әлмайды. Сондықтан ол шын мәнінде адамзаттың әлемдік қазынасы болып табылады.

Интернет өз кезегінде WWW–ге (бүкіләлемдік шырмауық) қарыздар деуге болады. Бүкіләлемдік шырмауықсыз интернет бүгінгі күндегідей жағдайына, яғни жер шарын түгелдей жаулап алмас еді.

Интернет күнделікті тұрмыс пен жұмыстың айнымас құралына айналып келеді. Интернеттің ауқымды компьютерлік желісі өте тез дамып келеді. Желіге арналған баспалар саны өсіп келеді.

Интернет желісінде сайттардың артуымен байланысты, қазіргі таңда 60 %-дай адамдар барлық жұмыстарын осы интернет желісі арқылы жасайды. Қазіргі уақытта кез келген бір фирманың, компанияның, не

болмасын бір елдің, қаланың, облыстың, сондай–ақ әр елде, әр облыста, әр қалада орналасқан қандай да бір ұйымның интернет желісінде өз сайты, яғни басқа тілмен айтқанда өзінің қолданушыларына арналған «ашық есігі» бар деуге болады.

Ақпараттық технологияның артуымен байданысты, интернет желісі бүгін өмір талабына айналды. Біздің заманымыздың талабына сай білімімізді, біліктілігімізді көрсету үшін интернет дамуына өз үлесімізді қосуымыз керек. Ол үшін, менің ойымша, веб сайт жасап, оны желіде орналастыру қажет. Бірақ бұны қалай жүзеге асыруға болады?


Интернет желісіндегі бәсекелестіктің мықты және әлсіз жақтарын талдау, сайттың ақпараттық жобалауы, оның концепцияларын құрастыру, мектептің бейнесін көрсету үшін сайт құру есептелген. Бұл алғашқы және маңызды кезең, себебі осы сайт бойынша ары қарай жұмысты анықтайды – дизайн, бағдарламалау, код жазу.

Мазмұны немесе контент – сайт құру кезеңдерінің ең маңызды бір құрамасы болып саналады. Контент дегеніміз сайттың ақпараттық толтыруы. Мазмұнның жазылуына ең көп көңіл бөлу қажет.

Сонымен қатар осы кезеңде Интернет желісінде өз сайты орналастырғаннан кейінгі мақсаттары мен міндеттері анықталады. Қойылған мақсаттарға байланысты сайт құру бойынша жұмыстың түрі мен көлемі анықталады, графикалық жұмыстардың күрделілігі, сайт құру үшін қосымша қызметтердің немесе арнайы ұйымдастырушыларды жалдау мәселесі шешіледі (Сурет 1).

Жоғарыда айтылып кеткен бойынша ең алдымен мен иерархиялық құрылымның тізімін жасадым, яғни сайттың картасын құрастырдым:

- ✓ Басты бет;
- ✓ Мектеп тарихы;
- ✓ Мектеп ұжымы;
- ✓ Мақтаныштар;
- ✓ Галерея;




Сурет 1.

Сайтты құрылымы

Веб сайт жасау үшін келесі негізгі қадамдарды орындау керек. Әр қадамды дәл көрсетілген кезегі бойынша орындау қажет. Себебі, кезекпен орындамаған жағдайда веб сайт жасауда кейбіт қиыншылықтар тууы мүмкін. Ал енді сол қадамдарды айтып кетсем. Алдымен біздің веб сайтымыз жұмыс жасау үшін, бізге жұмыс жасау орын қажет. Ол сервер деп аталады. Бізге ыңғайлы жұмыс жасау үшін локальды сервер орнатқан жөн. Себебі, көптеген өзгертулер енгізген жағдайда ыңғайлы болады. Сонымен біздің бірінші қадамымыз, **локальды сервер орнату**. Біз **Денвер** («Д.н.в.р – джентельменский набор web разработчика», «Денвер» деп оқылады) деп аталатын серверді орнатамыз (Сурет 2).

Ресми сайтынан жүктеп алып, орнатуға көшеміз.



Сурет 2. web жасаушы Денвер

Денверді орнатқаннан кейін біз енді негізгі екінші қадамға көшеміз, бұл қадамда енді **веб сайттың басқару жүйесін орнатамыз**. Айта кететін


жайт, сайтты басқару жүйесін біз өзіміздің локальді серверіне орнатамыз. Мен веб сайтты басқару жүйесінің CMS Joomla деп аталатын жүйесін орнаттым. Бұл ВКБЖ–нің біраз нұсқалары бар. ВКБЖ–нің нұсқалары 1.0 нұсқасынан бастап, қазіргі уақытта 3.0 деген нұсқасымен таралып отыр.

CMS Joomla жеті қадам бойынша орнатылады.

Алдымен CMS Joomla–мен жұмыс істемес бұрын бізге мәліметтер базасын құрып алы қажет. Біздің үшінші қадамымыз **мәліметтер базасын құру** деп аталады. CMS Joomla MySQL мәліметтер базасымен жұмыс істейді. Бұл мәліметтер базасын құру Денвер арқылы жүзеге асырылады.

localhost арқылы Денвердің басқару терезесіне өтіп, мәліметтер базасын құрамыз.

Біз локальді сервер орнаттық, мәліметтер базасын құрдық, ВКБЖ серверге орнаттық, енді сайтты басқару жүйесіне өтіп **мәліметтерді енгізу** қалды. Бұл біздің төртінші қадамымыз болды.



Сайттың басқару панеліне өтіп берілген мәзірлер бойынша мәліметтерді енгізуге көшеміз. Мәліметтер енгізу келесі әдіс бойынша жүзеге асады:

Контент (мәлімет, ақпарат)


Категория

Мәзір

Контент (мәлімет, ақпарат)

Контент (мәлімет, ақпарат) ешқандай категорияға кірмей, тікелей мәзір арқылы сайттың бетінде көрсетілуі мүмкін.


Ал енді күрделі қадамға көшеміз. Барлық ақпараттарды енгізіп болған соң, сол мәліметтерді сайттың беттерінде көрсету үшін бізге мәзірлер керек болады. Біздің бесінші қадамымыз **мәзірлер құру** болып есептеледі. Мәзірлер құру әдісі мәліметтер құру әдісіне ұқсас болып келеді. Мәзірлер құру әдісін келесі тірек сызба бойынша беріледі.



Осындай қадамдар арқылы веб сайт құрастыруға болады. Веб сайтты әсемдірек, қызықтырақ, көз тартатындай және ыңғайлы қылдырып істеу үшін көптгеген ВКБЖ–мен бірге берілген модульдер мен плагиндерді қосуға болады. Сондай–ақ оларды бөлек, яғни веб сайтқа қосымша ретінде орнатуға болады.

Тағы да бір қосымша қадамды айтайын. Бұл қосымша қадам администратор деп аталады. Администратор – барлық сайттағы ақпараттарға, сайттың барлық компоненттеріне, сонымен қатар сайтты қадағалап отыратын адамды айтады. Негізі администратор тек бір адам ғана болады, қазіргі кезде бір сайттың бірнеше администраторлары да кездеседі.

Администратор сайтқа тек өзінің құпия паролі арқылы кіреді.




Қорытындыласам, веб сайт құру үшін келесі міндеттерді орындау қажет:


1. Локальді сервер орнату. (Денвер – жұмыс жасауда ыңғайлы)
2. ВКБЖ–н локальді серверге орнату. (CMS Joomla)
3. Мәліметтер базасын құру. (MySQL мәліметтер базасы)
4. Контентпен толтыру. (мәліметтер, видео–аудио файлдар, текст)
5. Мәзірлер құру. (контенттің сайтта орналасуын көрсету)
6. Администраторды анықтау.

Веб сайт құрастыруда осы міндеттерге сүйене отырып, кез келген қиындықтағы, деңгейдегі сайт жасауға болады.

Мен өз жұмысымды қорытындынылап кетсем, барлық аталған міндеттер бойынша жұмыс атқардым. Нәтижесінде келесі суреттегідей сайт шықты:



Сурет 3. Сайттың бастапқы беті



Сурет 4. Сайттың негізгі беті

Разработка электронного издания «Архитектура компьютера»

Автор: Мужикпаев Ш.А., korsar_91sh@mail.ru

Научный руководитель: Радченко П.Н., магистр информатики, ст. преподаватель

Костанайский государственный педагогический институт

Применение компьютерных технологий позволяет значительно повысить качество учебных демонстраций. Современное проекционное